

«KEGOC» АҚ «Қазақстан Республикасының энергетикалық жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 қаулысына сәйкес құрылған және Қазақстан Республикасының ҰЭТ-ын басқаратын және Қазақстан Республикасы БЭЖ-дің Жүйелік операторы мәртебесі берілген Компания болып табылады. Компанияның бастапқы мемлекеттік тіркеуден өткен күні — 1997 жылғы 11 шілде.

«KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады.

## 2-1

2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ акцияларының 100%-ы мемлекет меншігінде болды. 2006 жылы акциялардың мемлекеттік пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ орналастырылатын акцияларының төлемі ретінде берілді. 2008 жылы «Қазына» орнықты даму қоры» және «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамдарын біріктіру арқылы «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамының құқықтық мұрагері болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрылды.

2014 жылғы 18 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасы аясында KASE-де Компанияның жарияланған 25 999 999 жай акциясы жазылым жүргізу жолымен орналастырылды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыру үшін 2023 жылы 15 294 118 жай акцияны орналастыру арқылы SPO «KEGOC» АҚ жүргізілді. Осылайша, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның үлесі Компания акцияларының жалпы санының 85%-ын құрайды.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ келесі негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- электр энергиясын ҰЭТ арқылы жеткізу;
- ҰЭТ-ты пайдалану;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлері табиғи монополия саласына жатады, соған байланысты «KEGOC» АҚ-ның қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

# Миссия және құндылықтар

## 2-6



### Компанияның көрінісі

**КОМПАНИЯНЫҢ КӨРІНІСІ — «ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АУЫСУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚТЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ МЕН НАРЫҚТЫ ӨЗГЕРТУГЕ ҮЛЕС ҚОСЫП, ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСІП БАРА ЖАТҚАН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯНЫ ДАМУҒА АРҚЫЛЫ ТҰРАҚТЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСАТЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЭЖ-ІНІҢ ЖҮЙЕЛІК ОПЕРАТОРЫ».**



### Компанияның миссиясы

**КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ — ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ СЕΝІМДІЛІГІН, ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ МЕН ОЗЫҚ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.**

Даму жоспары (Стратегия) Компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына бағытталған, энергетикалық ауысумен және ЖЭК энергетикалық жүйеге бірігуімен байланысты жаһандық трендтердің әсерін есепке алады, экономика- ны көміртексіздендіруге байланысты процестерді және елдегі экономикалық өсуді қамтамасыз етуді, Қазақстан- да орта мерзімді келешекте электр энергиясы мен қуаты тапшылығының туындау мәселелерін шешу қажеттілігін, заманауи инновациялық және цифрлық технологияларды, F3TKЖ-ны енгізуді, ESG қағидаттарына бейілділікті ескереді.

# Серіктестік

## 2-28

«KEGOC» АҚ салалық қауымдастықтардың және «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының («Атамекен» ҰКП) мүшесі және қатысушысы болып табылады:

**1. «Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі («ҚЭҚ» ЗТБ, [www.kea.kz](http://www.kea.kz)), негізгі міндеттері келесідей:**

- қызметі электр энергетикасы саласына тікелей немесе өзге жолмен байланысты барлық ұйымдарға қолдау көрсету;
- электр энергетикалық салаға қатысты мемлекеттік бағдарламаларды, заңдар мен нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу; саланың мүдделері Үкіметтің, сот және өзге де органдардың шешімдеріне тәуелді мәселелерде өз мүшелерінің ұстанымдарын қолдау және қорғау;

**2. «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі («KazEnergy» ЗТБ, [www.kazenergy.com](http://www.kazenergy.com)) негізгі мақсаттары келесідей:**

- өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік органдарда қорғау, заңнамалық базаны үйлестіру;
- жер қойнауын пайдаланушылар, электр энергиясын өндірушілер, энергетика секторының өнімдері мен қызметтерін тасымалдаушылар мен тұтынушылар үшін біртұтас ақпарат алаңын құру; жергілікті, өңірлік және халықаралық деңгейде сала ішіндегі ынтымақтастық пен кәсіпкерлік жобаларын дамыту мен қолдау;
- «KazEnergy» ЗТБ-ның, оның мүшелерінің және тұтастай алғанда саланың оң имиджін өңірлік және жаһандық деңгейде тарату; қазақстандық қоғамның экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылыми-техникалық белсенділігін ынталандыру;

**3. «Атамекен» ҰКП ([www.atameken.kz](http://www.atameken.kz)), оның негізгі міндеті бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғау және барлық кәсіпкерлерді бизнес жү-**

мысының заңнамалық және өзге де нормативтік қағидаларын қалыптастыру процесіне кеңінен қамтуды және тартуды қамтамасыз ету болып табылады;

**4. Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастықтары ([www.ark.org.kz](http://www.ark.org.kz)) оның негізгі міндеті бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдарда, билік құрылымдарында, халықаралық және қоғамдық ұйымдарда ортақ мүдделерді білдіру және қорғау, оның мүшелерінің мүддесі үшін монополияға қарсы заңнамаға қажетті өзгерістерге бастамашылық ету және ілгерілету, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу, тәжірибе алмасу үшін халықаралық үкіметтік емес байланыстарды дамыту, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар өткізу, бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу, монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.**

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ шектес елдермен тиімді электр энергетикалық нарық құруға жәрдемдесу және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында мынадай халықаралық салалық ұйымдардың жұмысына үнемі қатысып тұрады:

- ТМД электр энергетикалық кеңесі;
- Жоғары кернеулі үлкен электр жүйелері жөніндегі Халықаралық кеңес (Conseil International des Grands Réseaux Électriques — CIGRE).
- Еуразиялық экономикалық комиссия (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы);
- Дүниежүзілік энергетикалық кеңес;
- EUROELECTRIC Еуропа Электр энергетикалық өнеркәсібінің одағы. 2004 жылдан бастап Компания электр энергетикасы мен энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша EUROELECTRIC-пен сарапшылар деңгейінде ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- Орталық Азияның үйлестіруші электр энергетикалық кеңесі (ОА ҰЭК).